

Жайна Бағашарқызы Саткенова¹, Гүлмира Баянжанқызы Мадиева^{2*}¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0001-7842-0978 E-mail: jaina1978@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0003-3198-0024 E-mail: gmadi@kaznu.kz

**АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМІН ТҮЗУДЕ
САТЫЛЫ-КЕШЕНДІ ТАЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Аңдатпа. Мақалада Абай өлеңдерінің морфологиялық белгіленімін түзуде сатылы кешенді талдау технологиясының орны мен қызметі қарастырылады. Абай Құнанбайұлының «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңі құрамындағы сөздердің морфологиялық ерекшелігіне сатылы-кешенді талдау жасалады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей зерттеу міндеттері қойылады: сатылы құрылым арқылы талдау жасаудың ерекшеліктері сараланады. Абай өлеңдеріне морфологиялық талдау жасаудың ерекшеліктері сөз етіледі. Сатылы-кешенді талдау технологиясының білім алушыларға қазақ тілінің дыбыс құрамын, сөз құрамын, грамматикалық құрылысын, әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға бағытталатындығы сөз етіледі. Абай Құнанбайұлының бір шумақ өлеңі беріледі. Өлең құрамындағы *көңілім* – сөзіне төл технология негізінде талдау жасау ерекшеліктері қарастырылады. *Көңілім* сөзінің құрамы анықталып, сөзге тән морфологиялық ерекшеліктер қамтылады. Негізгі және дара түбірге тән анықтамалар беріледі. Берілген сөздің жалпы және категориялық грамматикалық мағыналары сатылы-кешенді талдау технологиясы көмегімен айқындалады. Өлеңнің бір тармағына ықшамдау тәсілі арқылы талдау жасаудың ерекшелігі арнайы сызба арқылы көрсетіледі. Абай өлеңдеріне цифрлық өңдеу жасаудың қажеттілігі сөз етіледі. Абай шығармаларын заманауи технология көмегімен зерттеу, талдау, өңдеу, статистикалық мәліметтерді алуға зор мүмкіндік жасалады. Абай өлеңдерін корпустық технология көмегімен модельдеудің ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: Ұлттық корпус; корпустық лингвистика; Абай өлеңдері; морфологиялық белгіленім; тілдік талдау; сатылы-кешенді талдау технологиясы

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882334 «Қазақ поэтикалық корпусы эзирлемесі: Абай өлеңдерінің морфологиялық және поэтикалық белгіленімі» БНҚ бағдарламасы негізінде орындалды.

Сілтеме жасау үшін: Саткенова Ж.Б., Мадиева Г.Б. Абай өлеңдерінің морфологиялық белгіленімін түзуде сатылы-кешенді талдау технологиясының қызметі. *Tiltanyum*, 2025. №3 (99). 86-95-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-86-95>**Жайна Бағашаровна Саткенова¹, Гүлмира Баянжановна Мадиева^{2*}**¹кандидат филологических наук, доцент,

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0001-7842-0978 E-mail: jaina1978@mail.ru

^{2*}автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-3198-0024 E-mail: gmadi@kaznu.kz

**РОЛЬ ТЕХНОЛОГИИ ПОЭТАПНОГО КОМПЛЕКСНОГО АНАЛИЗА
В ПОСТРОЕНИИ МОРФОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗМЕТКИ СТИХОТВОРЕНИЙ АБАЯ**

Аннотация. В статье рассматриваются роль и функции технологии поэтапного комплексного анализа при составлении морфологической разметки стихов Абая. В статье проводится поэтапный комплексный анализ морфологических особенностей слов в стихотворении Абая Кунанбаева «Құлақтан кіріп бойды алар» (Проникая в душу через слух). Для достижения данной цели ставятся следующие задачи исследования: анализируются особенности анализа по поэтапной структуре. Также рассматриваются особенности морфологического анализа стихов Абая с применением метода «упрощения». Отмечается, что технология поэтапного комплексного анализа направлена на формирование у обучающихся навыков правильного произношения, грамотного письма, усвоения звукового и словесного состава казахского языка, грамматического строя и норм литературного языка. Приводится отрывок стихотворения Абая Кунанбаева. Рассматриваются особенности анализа слова *көңілім* (мое настроение) в стихотворении на основе авторской технологии. Определяется состав слова *көңілім*, освещаются морфологические

особенности, характерные для этого слова. Даются определения, характерные для основного и единственного корня. Общие и категориальные грамматические значения данного слова определяются с помощью технологии ступенчато-комплексного анализа. Особенности анализа стихотворения методом сложения до одностишия показаны на специальной схеме. Обсуждается необходимость цифровой обработки стихотворений Абая. Современные технологии открывают широкие возможности для изучения, анализа, обработки произведений Абая и получения статистических данных. Отмечается значимость наследия Абая в пополнении Национального корпуса казахского языка, а также рассматриваются особенности моделирования его стихов с помощью корпусных технологий.

Ключевые слова: Национальный корпус; корпусная лингвистика; стихи Абая; морфологическая разметка; языковой анализ; технология поэтапного комплексного анализа

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования BR21882334 «Казахский поэтический корпус: морфологическая и поэтическая разметка стихов Абая».

Для цитирования: Саткенова Ж.Б., Мадиева Г.Б. Роль технологии поэтапного комплексного анализа в построении морфологической разметки стихотворений Абая. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 86-95. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-86-95>

Zhaina Satkenova¹, Gulmira Madiyeva^{2*}

¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-7842-0978 E-mail: jaina1978@mail.ru

^{2*}Corresponding author, Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-3198-0024 E-mail: gmadi@kaznu.kz

THE ROLE OF THE TECHNOLOGY OF STEP-BY-STEP COMPLEX ANALYSIS IN THE CONSTRUCTION OF MORPHOLOGICAL MARKUP OF ABAI'S POEMS

Abstract. The article discusses the role and functions of the technology of step-by-step complex analysis in the compilation of morphological markup of Abai's poems. The article provides a step-by-step comprehensive analysis of the morphological features of the words in Abai Kunanbayev's poem “Құлақтан кіріп бойды алар” (Penetrating the soul through hearing). To achieve this goal, the following research objectives are set: the features of the step-by-step structure analysis are analyzed. The features of the morphological analysis of Abai's poems using the “simplification” method are also considered. It is noted that the technology of step-by-step complex analysis is aimed at the formation of students' skills in correct pronunciation, literate writing, assimilation of the sound and verbal composition of the Kazakh language, grammatical structure and norms of the literary language. An excerpt from Abai Kunanbayev's poem is presented. The special features of the analysis of the word “my mood” in the poem based on the author's technology are considered. The composition of the word “my mood” is determined, the morphological features characteristic of this word are highlighted. Definitions characteristic of the main and single root are given. General and categorical grammatical meanings of this word are determined using the technology of step-by-step complex analysis. The features of the analysis of the poem by the method of addition to a monostich are shown in a special diagram. The necessity of digital processing of Abai's poems is discussed. Modern technologies open up wide opportunities for studying, analyzing, processing Abai's works and obtaining statistical data. The importance of Abai's legacy in replenishing the National Corpus of the Kazakh language is noted, and the features of modeling his poems using corpus technologies are considered.

Keywords: National Corpus; corpus linguistics; Abai's poems; morphological markup; linguistic analysis; step-by-step complex analysis technology

Source of funding: The article was prepared within the framework of the grant financing project BR21882334 “Kazakh poetic corpus development: morphological and poetic designation of Abai's poems”.

For citation: Satkenova, Zh., Madiyeva, G. The Role of the Technology of Step-by-step Complex Analysis in the Construction of Morphological Markup of Abai's Poems. *Tiltanyim*, 2025. No.3 (99). P. 86-95. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-86-95>

Кіріспе

Ұлт мүддесін айқындауда Абай мұрасының орны бөлек. Қазіргі жаһандану кезеңінің талабына сәйкес Абай мұрасын корпусық технология көмегімен модельдеп, қоғам қажеттілігіне жарату қажет. Абай тілінің кіші корпусын түзіп, келешек ұрпаққа ұсыну аса өзекті мәселенің бірі. Абай өлеңдері арқылы қазақ поэтикалық мәтіндер корпусын толықтырып, оның дамуына үлес қосамыз. Бұл арқылы Абай мұрасы туралы ақпаратты табу, Абай шығармаларын зерттеу, талдау, өңдеу, статистикалық мәліметтерді алуға зор мүмкіндік туады. Абай мұрасын қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізу үшін тіл білімінде қыруар шаруалар атқарылуда. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымы осы бағытта бірнеше жобалармен жұмыс жасап келеді. Соның бірі – «Қазақ поэтикалық корпусы әзірлемесі: Абай өлеңдерінің морфологиялық және поэтикалық белгіленімі» БНҚ жобасы. Бұл жоба мемлекет

басшысы Қ.К. Тоқаевтың ұлттық құндылықты қолдау мақсатындағы идеяларынан бастау алады.

Поэтикалық корпус поэтикалық мәтіндерді автоматты талдау, сақтау және зерттеу мақсатында құрылады. Бұл ресурстар цифрлық филологияда, корпуслық лингвистикада, стилистикада және әдебиеттануда маңызды рөл атқарады. Поэтикалық корпус поэтикалық тілдің ерекшелігіне, метрикалық құрылымына және рифмаға байланысты мәтіндік корпустардан өзгешеленіп тұрады. Поэтикалық корпуста өлең құрылымына метрика, рифма, строфика, синтаксистік талдау жасалады. Поэтикалық мәтіннің стилистикалық және лексика-грамматикалық ерекшелігіне зерттеу жүргізу арқылы жиілік модельдері анықталады. Поэтикалық мәтін авторының тілі, стилі, көркем дүниетанымы, бағыты, дәуірі қамтылады. Заман табалына сәйкес поэтикалық корпуста нейрожелілер мен ИИ-ді қолдану арқылы поэзия генерациясына, жанрлар мен авторларды автоматты тануға, цифрландыру және сирек кездесетін поэтикалық мәтіндерге қол жеткізу негізінде мәдени мұраны сақтауға зор мүмкіндік туады.

Қазіргі уақытта «Қазақ поэтикалық корпусын дамыту: Абай өлеңдерінің морфологиялық және поэтикалық белгіленімі» жобасы шеңберінде (№ BR21882334 грант) поэтикалық корпус (<http://corpora.kz/>) әзірленді. Зерттеу объектісі – қазақтың көрнекті ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығына негізделген шағын поэтикалық корпус. Жоба аясында ақын өлеңдеріне морфологиялық және поэтикалық белгіленім жасалып, осы ақпаратты сақтау және өңдеу үшін цифрлық дерекқор әзірленеді. Абай өлеңдерінің құрылымдалған және жан-жақты түсіндірілген шағын поэтикалық корпусын құру арқылы ақын өлеңдерінің морфологиясы мен поэтикалық құрылымына талдау жасалады. Нейрожелілер мен NLP (Natural Language Processing) әдістерін дамыту поэтикалық корпусарды, сондай-ақ жалпы ұлттық корпусарды құру үшін белгілеуді автоматтандыру, мәтіндерді, оның ішінде поэзияны генерациялау, стилистикалық атрибуция жасау сияқты жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Тілші ғалым, профессор А. Жұбанов, А. Жаңабековалар корпуслық лингвистика саласына қатысты зерттеулерінде ұлттық корпус түзудің қажеттілігіне тоқталады (Жұбанов, Жаңабекова, 2016). Қазіргі уақытта академиялық сөздік құрастыруда, сөйлеу тілі қолданысын айқындауда, лингвистикалық зерттеулер жүргізуде ұлттық корпус қызметі аса қажет (Пирманова, Жаңабекова, Барменқұлова, 2021). Қазақ ұлттық корпусы теориясы бойынша (А. Жұбанов, Э.Д. Сүлейменова, Б. Қалиев, С. Бизақов, М. Малбақов, Д. Ельдесов, Т.Е. Калдыбеков, А. Жаңабекова, М. Мансурова) зерттеулері, Алматы қазақ тілі корпусы бойынша (Г.Б. Мадиева, Ж.М. Уматова, С. Бектемирова, М. Мамбетова), Абай поэтикасын, Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін зерттеген (Р.Сыздық, Қ. Жұбанов, З. Ахметов І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, А. Аманжолов) тұжырымдары басшылыққа алынды.

Абай өлеңдерінің морфологиялық белгіленімін түзуде сатылы кешенді талдау технологиясының орны ерекше. Сатылы кешенді талдау технологиясы – тіл бірліктерінің теориялық мәселелерін сатылы құрылым арқылы үйрететін тұңғыш төл технология. Тілші ғалым А. Байтұрсынұлы идеясына негізделген төл технологияны әдіскер ғалым Н. Оразақынова (Оразақынова, 1997; 2003; 2005; 2006; 2007; 2010) ұсынған болатын.

Ғалым Н. Оразақынова (Оразақынова, 1997) өз зерттеуінде Ж. Аймауытұлының «Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттату, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін ой фәлсәфасын да меңгеру» деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, балаға тіл үйретудің сан қырлы аспектісіне тоқталады. Тілдік құрылымдарды меңгертуде балаға қажетті кешенді білімнің берілуіне назар аударады. Үнемі тілді жаттықтыру, дағдыландыру тапсырмаларының жетілдірілуіне ерекше көңіл бөледі. «Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне хас мақсұтын көздесе, екінші жағынан тіл түзеруге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысу керек. Бала сөйлегенде, жазғанда, тілді дұрыс қолдандыруға – әр оқытушының, әр мектептің міндеті» деген қағидасын негізге ала отырып, тілдік бірліктерді 10 деңгей бойынша талдауды мақсат етеді. Бірінші деңгейде айтылым мен жазылым негізге алынады. Бұл деңгейде ғалым қазақ тілінің жүйесін, А.Байтұрсынұлының ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, дыбыспен жаттықтыру әдісін ұстанады. Екінші деңгейде тыңдалым мен айтылымға ерекше көңіл бөлініп, тіл білімінің салалары тірек сызбадағы үлгіге сәйкес ауызша баяндалады. Білім алушылар бір-бірінің жауабын тыңдап, қателіктерін түзетеді. Үшінші деңгейде білім алушылар ауызша талдау арқылы диалогті талдау,

кері талдау түрлерін меңгереді. Төртінші деңгейде шартты белгілермен жұмыс істеуге дағдыланады. Бесінші деңгейде белгісіздікпен өрнектелген таңбаларды ажыратып, дұрыс баяндауды үйренеді. Алтыншы деңгейде сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген білімін жатқа жазады. Тапсырма әр білім алушыға беріліп, орфографиялық, пунктуациялық қателердің жіберілмеуі қадағаланады. Жат жазу бір оқу жылында екі рет жүргізіледі. Жетінші деңгейде оқушылар белгілі бір уақыт аралығында дұрыс талдап шығулары керек болады. Талдаулар жүйелі түрде жүргізілсе, білім алушылар 7-15 минут аралығында тіл білімінің барлық саласы бойынша талдап шығады. Сегізінші деңгейде білім алушыларды компьютермен жұмыс істей білуге баулу көзделеді. Тоғызыншы деңгейде тест тапсырмалары беріліп, оқушының білімді қаншалық меңгергені тексеріледі. Оныншы деңгейде оқушыны шығармашылыққа баулу мақсат етіледі (Жұбай, Саткенова, 2023).

Материал және әдістер

Қазақ тілінен алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру қашан да маңызды. Қазақ тіліндегі ережелерді толық меңгеру үшін үнемі тілдік талдау жасау қажет. Тілші ғалым Сейілбек Исаев (Исаев, 1985) өз еңбектерінде білім алушының білімін тұрақтандыруда, теориялық материалдарды бекітуде тілдік талдаудың орны ерекше екендігін сөз еткен. Сөйлемге фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасату арқылы қазақ тілі пәнінен алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білу дағдысын қалыптастыруға болады деп есептейді. Білім алушы сөзге фонетикалық талдау жасау арқылы қазақ тіліндегі үндестік заңының маңыздылығын меңгереді, сөздің құрамын ажырату арқылы морфологиялық сипатын, сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің қызметін талдай отырып, қазақ тілі синтаксисінің өзекті мәселелеріне назар аударады. Түбір мен қосымша ережелерін тек жаттап қана қоймай, оның сөйлем ішіндегі қызметін жан-жақты қарастырады, сөздердің байланысу түрлері мен формаларын ажыратады. Ықпал түрлерін, дыбыстар тіркесімділігін де сөйлемге талдау жасау арқылы айқындайды. Нәтижесінде қазақ тілінің теориясынан алған білімін тәжірибемен байланыстырып, алған білімін шыңдайды, есінде ұзақ сақтайды, білікті маман болып қалыптасады.

«Қазақ тілі» пәні негізінде жасалған төл технология білім алушыларға қазақ тілінің дыбыс құрамын, сөз құрамын, грамматикалық құрылысын, әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға бағытталды. Әдіскер ғалым Н. Оразақынова (Оразақынова, 1997) ұсынған «сатылай кешенді оқыту» технологиясы тек тіл білімі саласында ғана емес әдебиет, тарих, музыка, т.б. ғылымның барлық салаларында қолдануға болады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша дайындалған материалдар ұлттық құндылықтарға негізделген, тілдік бірліктер жүйелі, бірізді беріледі, оқушылар талдау жасау барысында танымдық тұрғыдан да мол ақпарат алады, дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу қағидаларын толық меңгереді. Білім алушылардың тұлға болып қалыптасуына зор мүмкіндік жасап, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету қабілеттерін дамытады, зерттеушілік, ізденушілік қасиеттерін шыңдайды.

Сатылы кешенді талдау технологиясы – пән бойынша алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып бекіту ғана емес, білім алушының танымдық құзыреттілігін ескеретін, жеке тұлға ретінде қалыптасуын мақсат еткен, тілдік материалдарды біртұтас, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер жобасы. Тілдік талдау түрлерін жан-жақты үйренген білім алушы «теория мен практиканы тең дәрежеде меңгерген», алған білімін жүйелі жеткізе алатын, ойын анық айтатын, нақты, дәлелді тұжырым жасай алатын, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, пікірі, өмірлік ұстанымы айқын, рухани құндылықтарды бағалай білетін, ізгі, жан-жақты біліммен қаруланған тұлға ретінде танылады.

Әдебиетке шолу

Тілші ғалымдар теориялық білімді игерудегі тілдік талдаудың қызметіне жан-жақты тоқталып, әдіснамалық негізін ұсынады. Тілші-ғалым С. Исаев «Сөйлемдегі грамматикалық талдаудың тәсілдері» (Исаев, 1985) атты зерттеуінде тілдік талдауды жүргізу әдістемесін ұсынады. Әдіскер ғалым М. Достанов «Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері» (Достанов, 1991) атты еңбегінде тілдік талдауды жетілдіру жолдарын қарастырады. Тілдік талдаудың сатылы құрылымдық ерекшеліктерін тірек сызбалар негізінде түсіндіреді. Оқулықтарда дайын мысалдардың берілуіне қарсылық білдіреді. Тілдік

фактілерді талдауда білім алушының ойлануына негіз болатын, қорытынды жасауға итермелейтін мысалдардың болуын талап етеді. Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін меңгертуде «қарама-қарсы қою» әдісін ұсынады. Білім алушы сөздердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін қатар салыстыра отырып, ережелерді жүйелі әрі кешенді меңгереді деп есептейді. Әдіскер ғалымдар ұсынған «*белгіліден белгісіздікке қарай табу*» әдісі де білім алушының ережелерді қайталап, білімін бекітуде жоғары қызмет атқарып, ізденушілікке деген дағдысының қалыптасуына негіз болады.

Тілдік талдаудың өзіндік ерекшелігі мен маңыздылығына қатысты зерттеуші-ғалым С.Исаевтың: «Мектепте болсын, жоғары оқу орындарында болсын қазақ тілі пәнінен теориялық материалды жақсы ұғынып, алынған білімді тұрақтандырып, оқушының ол туралы практикалық дағдысын қалыптастырудың бірден-бір жолы – *сөйлем талдау*, өйткені ол талдау арқылы өтілген тілдік құбылысқа байланысты материалды оқушының құр ережені ғана жаттап емес, саналы түрде қабылдап, түсіне алғаны, алған білімін өз бетінше практикада қолдана білу дағдысы байқалады. Егер оқушы сөздің морфологиялық құрамын, яғни сөз қандай бөлшектерден тұра алатынын, сөйлем мүшелерінің анықтамалары мен сұрақтарын ағызып айтып тұрғанымен, сөйлемді дұрыс талдай білмесе, жекелеген сөздердің морфологиялық құрамын (түбірін, қосымшаларын, түрлерін) анық ажырата алмаса, сөйлемдегі сөздердің байланысын дұрыс таба алмай, сөйтіп, сөзге сұрақты дұрыс қоя алмай қалса, олардың ережелерін қанша жақсы білгенімен, оқушының білімі жеткілікті дей алмаймыз. Демек, сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс талдай білу тілдік құбылыстардың мәнін оқушының нақты түсінуімен, грамматикалық дағдысының практикалық жағынан қалыптасуымен байланысты» (Исаев, Бектұров, 2007) деген пікірінің де орынды екендігіне сатылы-кешенді талдау технологиясы негізінде көз жеткізуге болады.

Әдіскер-ғалым Ә. Ермаков те қатар талдаудың қажеттілігін меңзеп, оны «*шендестіре талдау*» деп атайды: «Фонетикалық талдаудың кейбір мәселелерін емлемен және морфологиямен орайластыра, солармен шендестіре жүргізу керек. Оқытуда бұндай тәсілдің екі жақты пайдасы болады: біріншіден, оқушылар емленің әр алуан ерекшеліктеріне жетіле түседі, екіншіден, олар кейбір грамматикалық категориялардың сырын біледі» дей келе, «қазақ тіліндегі көптік жалғауының формасы алты түрлі: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Осылардың ішінде соңғы төртеуі фонетикалық варианттар, ал бұлай болып түрленуі сөздің түбірлік қалпына байланысты болады, яғни сөздің түбірі не жуан, не жіңішке болуымен, не қатаң, не ұяң дыбысқа аяқталуына байланысты қосымшаның басқы дыбысы да құбылып отырады. Бұл заңдылықты морфологиялық материалға негізделген фонетикалық талдау арқылы түсіндіру керек» (Ермаков, 1958) деп түйіндейді.

Нәтижелер және талқылау

Теориялық білімді тәжірибемен ұштастырудың маңыздылығы туралы ең алғаш пікір айтқан ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы болатын. «А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» (Байтұрсынұлы, 2021) атты еңбекте қазақ тілінің фонетикасы, сөз құрамы мен сөз тіркесі, сөйлем мүшелері мен сөйлем түрлеріне қатысты теориялық мәселелерді тәжірибемен қалай ұштастыру керектігі сөз етіледі. Аталған еңбекте тіл дыбыстарының табиғаты, буын түрлері, дыбыс тіркесімділігі, үндестік заңының ерекшеліктері нақты мысалдармен беріліп, білім алушының білімін жан-жақты жетілдіруге жетелейді. Ғалым өз еңбегінде қазақ тілінің теориялық ережелерін жан-жақты түсіндіреді, сатылы білім берудің негізін қалайды. А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі «дағдыландыру», «сынау» сатылары – соның айғағы. Қазақ тілінен игерген білімін білім алушы «дағдыландыру» сатысында мәтінмен, жаттығулармен жұмыс жасап, қазақ тілі ережелерін тәжірибемен ұштастырады. Білім алушы «сынау» сатысында тілдік талдау түрлерімен жұмыс жасау арқылы білімін бекітеді. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (Байтұрсынұлы, 1991), «Сауат ашқыш» (Байтұрсынұлы, 1924), «Тіл – құрал» (Байтұрсынұлы, 1991) сияқты еңбектерінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің маңызы жоғары.

Мысалы, Абай Құнанбайұлының «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңіне морфологиялық талдау жасап көрелік:

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып,
Көңілім әнді ұғады,

Жүрегім бойды жылытып (Абай).

Өлең жолдарында ерекшеленген сөзге төмендегідей сатылы-кешенді талдау жасауға болады (Сызба 1):

Көңілім – сөзіне төл технология негізінде талдау жасау арқылы сөз құрамынан бастап, сөзге тән морфологиялық ерекшеліктерді толық қамтуға болады.

Алғашқы сатыда сөз құрамы айқындалады (*көңіл-ім*).

Екінші сатыда сөздің тұлғалық ерекшелігі, негізгі немесе туынды түбір екендігі ажыратылады.

Үшінші сатыда берілген сөздің дара немесе күрделі түбір бола алатындығы қарастырылады.

Төртінші сатыда сөз құрамындағы лексикалық және грамматикалық мағыналары айқындалады. Біз талдап отырған *көңіл* сөзінің лексикалық мағынасы – «айналадағы ортаға, жаһанға, ғаламға, ақиқатқа, дүниеге назар салумен байланысты, олармен өзара үйлесім табуы нәтижесінде орын алатын қилы құбылысты сіңіріп-қорытатын адам жанының сырлы әлемі».

Көңілім сөзінің грамматикалық мағыналары алтыншы сатыда көрсетіледі. Берілген сөздің алғашқы грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – *зат есім*; *екінші грамматикалық мағынасы* – *-ім* 1-жақ жекеше түрдегі тәуелдік жалғауы арқылы берілген категориялық-грамматикалық мағына – *меншіктік мағына*.

Жетінші сатыда талданып отырған сөзге сұрақ қойылып, қай сөз табына жататындығы нақтыланады. Осы сатыда сол сөз табының ережесі беріледі.

Сегізінші сатыда сөз табының мағыналық топтары ажыратылады. Берілген сөздің морфологиялық сипаты толық, жан-жақты, кешенді қарастырылады.



Сызба 1 – «Көңілім» сөзінің морфологиялық ерекшелігі
 Схема 1 – Морфологическая особенность слова «Көңілім»
 Figure 1 – The Morphological Feature of the Word «Көңілім»


Білім алушы сатылы-кешенді талдау жасау арқылы тілдік фактілерді салыстыруға, айырмашылықтарын, ерекшеліктерін өздігінен табуға дағдыланады. Бұл технология білім алушыларға қазақ тілінің дыбыс құрамы, сөз құрамы, грамматикалық құрылысы, әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырды.

А. Байтұрсынұлы өз еңбектерінде тілдік жүйені еркін меңгеруде грамматиканы оқып, түсінудің пайдасы зор екендігін атап өткен. Қазіргі айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын «оқу үйрету, жазу үйрету, сөйлеу үйрету» деп атап: «балаға сөйлеуді ешкім үйретпейді, ол сөйлемді болмысынан меңгереді, әуелі ата-анасынан, онан кейін айналасынан үйренеді. Ал оқу мен жазу ондай емес, бұлар айрықша үйретуді керек қылады» дейді (Байтұрсынұлы, 2021).

Сатылы кешенді талдау технологиясы білім беріп, шеберлік, дағды қалыптастырумен қатар білім алушылардың тұлға ретінде қалыптасуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты қабілеттерінің дамуына да игі ықпал етеді, білімге деген құлшынысын арттырып, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін шыңдайды.

Әдіскер ғалым Н. Оразахынова ұсынған төл технология негізінде жекелеген сөздердің құрамына ғана талдау жасалынбайды, автор ұсынған «ықшамдау» тәсілі арқылы тұтас сөйлем құрамындағы сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне сатылап жүйелі талдау жасауға болады. Жоғарыда берілген «*Көңілім әнді ұғады, жүрегім бойды жылытып* (Абай)» тармағындағы сөздердің морфологиялық ерекшелігін «ықшамдау» тәсілінің арнайы сызбасы арқылы талдауға болады (Сызба 2).

Көңілім әнді ұғады, жүрегім бойды жылытып (Абай)




Сызба 2 – «Көңілім әнді ұғады, жүрегім бойды жылытып (Абай)» сөйлемінің морфологиялық ерекшелігі

Схема 2 – Морфологическая особенность предложения «Көңілім әнді ұғады, жүрегім бойды жылытып» (Абай)»

Figure 2 – The Morphological Feature of the Sentence «Көңілім әнді ұғады, жүрегім бойды жылытып (Абай)»

Сызба 2 жалғасы / Продолжение Схемы 2 / Continuation of Figure 2



Алғашқы сатыда сөйлем құрамындағы сөздердің құрамы ажыратылады. Тармақ құрамында алты сөз берілсе, құрамы ұқсас сөздерді арнайы сызба арқылы ықшамдап біріктіруге болады. Сөйлем құрамындағы *көңіл-ім, ән-ді, жүрег-ім, бой-ды* сөздері түбір және жалғаулардан тұратындықтан оларды 2 құрамды, ал *ұғ-а-ды, жылы-т-ып* сөздері үш құрамды сөздер ретінде топтастырылады.

Екінші сатыда сөйлем құрамындағы *жылы-т-ып* туынды түбірінен басқа сөздер негізгі түбір ретінде біріктіріледі. Үшінші сатыда тармақ құрамындағы барлық сөздер дара түбірлі сөздер ретінде ықшамдалады. Төртінші сатыда сөйлем құрамындағы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналары қарастырылады. Бесінші сатыда әр сөздің лексикалық мағынасы айқындалады. Алтыншы сатыда сөйлем құрамындағы сөздердің жалпы және категориялық-грамматикалық мағыналары ажыратылады. Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын грамматикалық мағына – жалпы грамматикалық мағына деп аталады. Жалпы грамматикалық мағына грамматикалық формасыз-ақ ішкі семантиканың абстракциялануы, жалпылануы арқылы қалыптасады. *Көңілім әнді ұғады, жүрегім бойды жылытып* сөйлемінде зат есімді және етістікті сөздер кездеседі. Зат есімді және етістікті сөздердің грамматикалық категориялары алтыншы сатыда қарастырылады. Категориялық-грамматикалық мағынаның белгілі грамматикалық формалар арқылы берілетіндігіне талдау барысында көз жеткізеді. Сатылы-кешенді талдау технологиясына сәйкес жетінші сатыда әр сөзге сұрақ қойылады. Сегізінші сатыда сөздердің мағыналық топтары айқындалады. Сөйлем құрамындағы әр сөзді жеке-жеке талдағаннан гөрі, сөздерді арнайы сызбалар арқылы ықшамдап талдау білім алушы үшін де өте ыңғайлы.

Қорытынды

Әдіскер ғалым Н. Оразахынова ұсынған төл технологияны Абай өлеңдеріне морфологиялық белгіленім жасауда қолдануға болады. Нәтижесінде ақын өлеңдерінің дыбыс құрамын, сөз құрамын, грамматикалық құрылысын айқындауға мол мүмкіндік жасалады, білім алушыларға әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады, сөйлем құрамындағы сөздердің морфологиялық, грамматикалық ерекшеліктерін жүйелілікпен, бірізділікпен меңгереді. Ұлттық құндылықтарға негізделген әдіс негізінде танымдық тұрғыдан да мол ақпарат алады, дұрыс сөйлеу қағидаларын игереді.

Төл технология саналатын сатылы-кешенді талдау технологиясына жүйелілік, бірізділік тән. Осы ерекшелікті Абай өлеңдерінің морфологиялық белгіленімін жасауда қолдануға болады. Бұл арқылы жеке сөздерді, тұтас сөйлемдердің морфологиялық ерекшелігін кешенді қамтуға мүмкіндік жасалады. Поэтикалық корпустың өлең құрылымын талдау мақсатында жүзеге асатын метрика, рифма, строфика, морфология, синтаксис белгіленімдерін айқындауда, сөз құрамындағы грамматикалық ерекшеліктерді саралауда сатылы-кешенді талдау технологиясының берері көп.

Әдебиеттер

- А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2021. – 740 б.
 Байтұрсынұлы А. Сауат ашқыш. Ересектерге әліппе. – Орынбор, 1924. – 114 б.
 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: Жалын, 1991. – 348 б.
 Достанов М.Д. Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері. – Алматы, 1991. – 169 б.
 Ермеков Ә. Грамматикалық талдау. Орта және 7 жылдық мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1958.
 Жұбай О. Саткенова Ж. Ұлттық білім – ұлттың жасампаздығының негізі // «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэлекттік модустары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 128-132-бб.
 Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика (оқу құралы). – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 336 б.
 Исаев С.М. Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері. – Алматы, 1985. – 128 б.
 Исаев С.М., Бектұров Ш.К. Сөйлемдегі грамматикалық талдаудың тәсілдері: әдістемелік құрал. – Алматы: Өнер, 2007. – 76 б.
 Kazakh Language Corpus. [Электрондық ресурс]. URL: <http://kazcorpus.kz/klcweb/en/> (Пайдаланылған күні: 04.03.2025).
 Оразахынова Н. Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу. – Алматы, 1997. – 64 б.
 Оразахынова Н. Қазақ тілі. – Алматы, 2003. – 174 бет.
 Оразахынова Н. Синтаксистік материалдарды сатылай комплексті талдау. – Алматы, 2005. – 112 б.
 Оразахынова Н. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). – Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
 Оразахынова Н. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. – Алматы: Дайыр, 2007. – 289 б.
 Оразахынова Н. Қазақ тілі: сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2010. – 166 б.
 Пірманова К., Жаңабекова А., Барменқұлова А. Ұлттық корпустарға негізделген лингвистикалық зерттеулер жүргізу // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (187). – 2021. – 84-85-бб.
 Mansurova, M., Madiyeva, G., Aubakirov, S., Yermekov, Zh., Alimzhanov, Ye. Design and Development of Media-Corpus of the Kazakh Language. Computational Collective Intelligence. N.T. Nguyen et al. (Eds.): ICCCI, 2017. Part II. LNAI 10449. P. 509-518.

References

- A. Bajtursynulyning tiltanymdyq murasy. (2021) Astana. 740 b. [A. Baitursynov's linguistic heritage. (2021) Astana. 740 p.] (in Kazakh)
 Bajtursynuly, A. (1924) Sauat ashqysh. Eresekterge alippe. Orynbor. 114 b. [Baitursynuly, A. (1924) Literacy opener. Alphabet for adults. Orenburg, 114 p.] (in Kazakh)
 Bajtursynuly, A. (1991) Til – qural. Almaty, 348 b. [Baitursynuly, A. (1991) Language is a tool. Almaty. 348 p.] (in Kazakh)
 Dostanov, M.D. (1991) Qazaq tili sozderining fonetika-leksikalyq zhane grammatikalyq erekshelekterin qatar taldaу adisteri. Almaty, 169 b. [Dostanov, M.D. (1991) Methods of simultaneous analysis of phonetic-lexical and grammatical features of Kazakh words. Almaty, 169 p.] (in Kazakh)
 Yermekov, A. (1958) Grammatikalyq taldaу. Orta zhane 7 Zhyldyq mektep mugalimderine komekshi qural. Almaty: Qazaqtyng memlekettik oqu-pedagogika baspasy. [Yermekov, A. (1958) Grammatical analysis. An auxiliary tool for teachers of secondary and 7-year schools. Almaty: Kazakh state educational and pedagogical publishing house.] (in Kazakh)

- Isaev, S.M. (1985) Sojlemdi grammatikalyq taldaudyng tasilderi. Almaty. 128 b. [Isayev, S.M. (1985) Methods of grammatical analysis of a sentence. Almaty. 128 p.] (in Kazakh)
- Isaev, S.M., Bekturov, Sh.K. (2007) Sojlemdegi grammatikalyq taldaudyng tasilderi: adistemelik qural. Almaty: Oner. 76 b. [Isayev, S.M., Bekturov, Sh.K. (2007) Methods of grammatical analysis of a sentence: methodological tool. Almaty: Oner. 76 p.] (in Kazakh)
- Kazakh Language Corpus. [Jelektrondyq resurs]. URL: <http://kazcorpus.kz/klcweb/en/> (Pajdalanylgan kuni: 04.03.2025). (Kazakh Language Corpus [Electronic resource]. URL: <http://kazcorpus.kz/klcweb/en/> (Date of use: 01.03.2024). (in Kazakh)
- Mansurova, M., Madiyeva, G., Aubakirov, S., Yermekov, Z., Alimzhanov, Ye. (2017) Design and Development of Media-Corpus of the Kazakh Language. Computational Collective Intelligence. Part II. P. 509-518. (in English)
- Orazakhynova, N. (1997) Qazaq tili sabagynda satylaj kompleksti taldau zhurgizu. Almaty. 64 b. [Orazakhynova, N. (1997) Conducting sequential complex analysis in the Kazakh language lesson. Almaty. 64 p.] (in Kazakh)
- Orazakhynova, N. (2003) Qazaq tili. Almaty. 174 b. [Orazakhynova, N. (2003) Kazakh language. Almaty. 174 p.] (in Kazakh)
- Orazakhynova, N. (2005) Sintaksistik materialdardy satylaj kompleksti taldau. Almaty. 112 b. [Orazakhynova, N. (2005) Serial complex analysis of syntactic materials. Almaty. 112 p.] (in Kazakh)
- Orazakhynova, N. (2006) Satylaj kompleksti taldau (fonetika, sozhasam, morfologiya, leksika, sintaksis). Almaty: Telearna. 302 b. [Orazakhynova, N. (2006) Serial complex analysis (phonetics, word formation, morphology, vocabulary, syntax). Almaty: Telearna. 302 p.] (in Kazakh)
- Orazakhynova, N. (2007) Satylaj keshendi taldau tehnologiyasynyng gylymi adistemelik negizderi. Almaty: Daur. 289 b. [Orazakhynova, N. (2007) Scientific methodological foundations of the technology of sequential complex analysis. Almaty: Daur. 289 p.] (in Kazakh)
- Orazakhynova, N. (2010) Qazaq tili: soz madenieti. Almaty: Mektep. 166 b. [Orazakhynova, N. (2010) Kazakh language: word culture. Almaty: Mektep. 166 p.] (in Kazakh)
- Pirmanova, K., Zhangabekova, A., Barmenqulova, A. (2021) Ulttyq korpustarga negizdelgen lingvistikalyq zertteuler zhurgizu. QazUU Habarshysy. Filologiya serijasy. №3(187). Almaty. B. 84-85. [Pirmanova, K., Zhanabekova, A., Barmenqulova, A. (2021) Conducting linguistic research based on national corpora. Bulletin of KazNU. Series of Philological Sciences. Iss. 3(187). Almaty. P. 84-85.] (in Kazakh)
- Zhubaj, O., Satkenova, Zh. (2023) Ulttyq bilim – ulttyng zhasampazdygynyng negizi. «Otandyq tiltany damuynyng qurylymdyq, kommunikativtik, antropozektik modustary» atty halyqaralyq gylimi-praktikalyq konferenciya materialdary. Almaty. B. 128-132. [Zhubaj, O., Satkenova, Zh. (2023) National education – the basis of the nation's creativity. In Proceedings of the International Scientific and Practical Conference «Structural, Communicative, and Anthropocentric Modes of the Development of National Linguistics». Almaty. P. 128-132.] (in Kazakh)
- Zhubanov, A., Zhangabekova, A. (2016) Korpustyq lingvistika (oqy quraly). Almaty: Qazaq tili. 336 b. [Zhubanov, A., Zhanabekova, A. (2016) Corpus Linguistics (textbook). Almaty: Qazaq tili. 336 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.05.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Саткенова Ж.Б., Мадиева Г.Б., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

